

ЖАҢАЛЫҚТАР

Украин дрондары Ресейдің Владимир облысындағы Wildberries қоймасына шабуылдады

3 тамыз 2026 жыл, 10:33



Ресейдің Самара облысындағы Wildberries логистика орталығына украин дрондары шабуыл жасаған сәт. 2 тамыз, 2026 жыл.

Украина қарулы күштерінің дрондары 3 тамызға қараған түні Ресейдің Владимир облысындағы Wildberries логистика орталығына шабуыл жасады. Бұл туралы украиналық [Exilenova+](#) және [Supernova+](#) мониторинг арналары, сонымен бірге ресейлік телеграм-арналар хабарлады.

Облыс губернаторы Александр Авдеев қоймада өрт шыққанын, адамдар эвакуацияланғанын хабарлады. Кейін билік үш адамның зардап шекті деп мәлімдеді.

Оның **сөзінше**, Соби́нск округіндегі қоймаға жасалған шабуыл салдарынан өрт шыққан.

"Адамдар эвакуацияланды. Оқиға болған жерде жедел қызметтер жұмыс істеп жатыр. Дрон шабуылдау қаупі сейілген жоқ", – деп жазды Авдеев. Кейінірек билік орындары шабуыл салдарынан үш адам зардап шекті деп мәлімдеді.

Wildberries компаниясы Владимирдегі қойма жұмысы "уақытша тоқтатылғанын", тапсырыс қабылдау мен жөнелту басқа нысандар арқылы жалғасатынын хабарлады.

Владимир облысындағы Wildberries қоймасы компанияның ірі логистика хабтарының бірі саналады және Мәскеу облысы мен Ресейдің еуропалық бөлігінің орталық, солтүстік-батыс және солтүстік бөліктері арасында тауар бөліп тарату жүйесінде негізгі рөл атқаратын деп **жазды** Exileno+ мониторинг арнасы.

Украина қарулы күштері кейінгі апталарда Ресейдің бірнеше өңіріндегі Wildberries компаниясының оншақты қоймасына дронмен шабуылдар жасады.

| Белгород облысына шабуыл

Дүйсенбіге қараған түні украин дрондары Ресейдің Белгород қаласындағы мемлекеттік технология университетіндегі дрондар әзірленетін және сынақтан өткізілетін ғимаратқа әуеден соққы берді деп **жазды** "Пепел" телеграм-арнасы. Басылым дерегінше, ғимарат түгелдей жанып кеткен.

Ресейдің қорғаныс министрлігі 3 тамызға қараған түні Брянск, Воронеж, Калуга, Курск, Липецк, Орел, Смоленск, Тула облыстары, Краснодар өлкесі, Мәскеу аннексиялап алған Қырым түбегінде және Қара теңіз аумағында украиналық 131 дрон атып түсірілді деп хабарлдады. Ал нешеуін атып түсіре алмағанын айтқан жоқ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Украина Самара облысындағы Wildberries қоймасына соққы жасады. Уфада мұнай зауыты шабуылға ұшырады
- Уфада дрон шабуылынан соң мұнай өңдейтін зауытта өрт шықты
- Wildberries иесі дрон шабуылдары бірнеше елдің кәсіпкерлерін шығынға батырғанын айтты
- Волгоград пен Татарстандағы Wildberries қоймаларына дрон шабуылдады
- Медиа: Украинаның әуе дрондарынан ығыр болған Wildberries Қазақстаннан қоймалар қарап жатыр

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ